



II/2007

ЗАН,

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ



Жазықсыз зиян
келтірудің қылмысты
саралаудағы маңызы

А. МАЛИКОВА

[19-бет]

“Мәдениетке басқару
емес, қолдау қажет”

Айман СЕЙІЛБЕКҚЫЗЫ

[24-бет]

Көне замандардағы
жоғары билік мәселесі

Досбол БАЙГУНАКОВ

[33-бет]

Қуаныш ӘБУОВ, Батыс Қазақстан облыстық сотының судьясы:

“Мен еңбек пен спортты ұштастыруды мол бақыт деп сезінемін...”

[17-бет]

Көне замандардағы жоғары билік мәселесі

Досбол БАЙГУНАКОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ
аға оқытушысы,
тарих ғылымдарының
кандидаты



Ежелгі тарихтың ерте кездеріндегі адамдардың әлеуметтік ұйымдасуы, тобырдың басқарылуы, рулардың шығу тегі мен олардың көсемдерінің қызметі, рулық бірлестіктерді немесе тайпаларды басқару жолдары, ерте темір дәуіріндегі мемлекеттік, жоғары билік мәселелері төңірегінде пікірталастар әлі күнге дейін толастамай келеді. Бұл мәселелердің қазіргі таңда қайтадан біршама көтеріліп, шынайы нақтылы-тарихи тұжырымдардың жасалуына ұзақ жылдар бойы кеңестік идеология тұрғысынан алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі билік тұрпаттарына біржақты баға беруінің тоқтатылуы деуге болады. Ерте кездері өндірістік қатынастар дамымаған, ортақ түйсік пен дүниетанымға, идеологиялық тұрғыдан бірікпеген «тағы» да «жабайы» қоғамды маркстік тарихи концепция «адамзат қоғамының алтын ғасыры» деп қанша дәріптесе де, оның кемшін тұстары бар екендігі сол кезде-ақ белгілі болған еді. Онда тың-

ғылықты қарастырыла қоймаған проблемалардың бірі ілкі замандардағы билеушілердің рөлі болатын. Кеңестік тарихнама, әсіресе тобырға, ру-тайпаға ерекше мән беріп, билік жүргізген тұлғаларға, жоғары билікті қолында ұстаған тарихи қайраткерлер қоғамдық функциясына қатысты мардымды ештеңе айта қойған жоқ. Соған байланысты осы мақалада көне замандардағы жоғары билік мәселелеріне азды-кемді тоқтап, тарихнамалық шолу жасауды жөн санадық.

Адамзат тарихының ең ерте кезі тас дәуірі. Ол кез палеолит, мезолит және неолит дәуірлерінен тұрады. Бұл дәуірлердегі бірден-бір дерек көзі тас құралдары болып табылады. Зерттеушілер тас дәуірінен сақталған осы тақілеттес материалдарды XVII-XIX ғасырлардағы қоғамдық дамуы артта қалған ха-

лықтардың мәдениетімен салыстырып, көне дәуірлердегі тұрмыс-салты бір ізге түсірді. Белгілі ғалым Ю.Семеновтың «Как возникло человечество» атты 1966 жылы Мәскеу баспасынан шыққан еңбегінде алғашқы рулардың шығуына қатысты мәселелер көтерілді де, онда аналық рудың не үшін қалыптасып тұруының факторлары (шаруашылық қаракет, неке қатынастары, т.б.) айқындалды. Ю.Семеновтың «Проблемы перехода от материнского рода к отцовскому» (СЭ, 1973, №1), «О материнском роде и оседлости в позднем палеолите» (СЭ, 1973, №4) секілді мақалаларында аналық рудың көптеген проблемалары көтеріліп, өз заманындағы этнологиялық мағлұматтар археологиялық деректемелермен ұштастырылды. Ғалым палеолит дәуіріндегі аналық рудың ең алғашқы ұйымдасу (одан кейін өкелік) түрі ретінде қарастырады да, аналық-рулық теориясын дәріптейді. Ал, кейбір ғалымдар тобыр мүшесі үшін аналық ру туыстық жағынан ғана есептелді, оның қоғамдық жағдайы біршама өзгеше болды деген пікірді ұстанады. Бұл бағытты қолдайтын ғалымдар өндірістік қатынастардың күшеюі, еңбек бөлінісі, ауыр еңбек күші қоғамдағы ер азаматтардың рөлін жоғарылатты, сондықтан жоғары

билікті ерлер иеленді дейді.

Әлбетте, тас дәуірінде алғашқы адамдар тобыр болып өмір сүрді. Зерттеушілер (П.Ефименко, П.Борисковский, А.Хазанов, т.б.) тобырдың пайда болуын адамзаттың хайуанаттар әлемінен бөлініп шығуымен байланыстырады да, оны рулық қауым кейінгі палеолитте ығыстырды деген тұжырымдама ұстанады. Мұны археологиялық, этнологиялық және антропологиялық ақпараттар да қуаттайды. Ғалымдардың басқа бір бөлігі (В.Алексеев, т.б.) ол одан да ерте кездері қалыптасуы мүмкін екендігін айтады. Тобырды басшысы басқарып, ішкі және сыртқы қайшылықтарды реттеп отырды. Кімнің күші басым болса, соның басшы болуға мүмкіндігі мол еді. Тобыр басшысы болу мұрагерлік жолмен емес, қоғам мүшесінің жеке қасиеттеріне қарай таңдалды. Тас дәуіріндегі жоғары билікті иеленген тобыр басшысының негізгі қызметі қол астындағы адамдардың тыныс-тіршілігін (аңшылық, көшу, т.б.) қамтамасыз ету еді (Хазанов А.М. *Природно-хозяйственные различия в каменном веке и проблема первичности материнского рода*. СЭ. 1973. №1).

Неолит дәуірінен бастап бұрын табиғаттан дайын өнім алған адам баласы өзі өнім өндіруге көше бастайды. Осы уақытта мал шаруашылығы мен егіншілік қалыптасып, бұл шаруашылық түрлерін игеруге арналған құрал-саймандар (құмыра, дәнүккіш, орақ, келі-келсап, т.б.) археологиялық ескерткіштерден көптеп ұшыраса бастайды. Қоғамда

болған шаруашылық өзгерістер адамдардың топтасуын қажет етті. Белгілі трасолог Г.Коробкова «К проблеме общественно-го строя кельтеминарских племен» атты мақаласында Қазақстанның батыс аудандарында да аздап кездесетін осы археологиялық мәдениет ескерткіштерінің материалдарын (30 шақты қабір, тас құралдар сипаты, баспана, т.б.) талдаған. Онда автор келтеминар тайпаларының шаруашылық және қоғамдық өмірін ру-тайпа басшылары басқарып отырған деген қорытындыға келген (КСИА, 1981. Вып. 167). Сірә, бір археологиялық мәдени қауымдастыққа жататын мұндай бірлестіктер басшыларының атқарған қызметі ұқсас болса керек. Әзірге қолдағы материалдар тас дәуіріндегі басшылардың атқарған қызметін нақты айқындауға мүмкіндік бермейді. Сонда да болса этнологиялық мәліметтер негізінде бірқатар мәселелерді топшылауға осылай болады.

Палеометалл дәуірінде аталық ру үстемдік құрып, рулық қатынастар дами бастайды. Алғашқыда қауымдық-рулық құрылыс орнады. Д.Тумаркин өзінің «К вопросу о сущности рода» атты мақаласында руға қатысты айтылған ғылыми пікірлер мен көзқарастарды талдай келе былай деп жазады: «В эпоху расцвета первобытного общества род был немислим без родовой общины, родовая община – без рода» (СЭ, 1970. №5. 95-б.). Осыған байланысты кеңестік этнологтар аталған екі әлеуметтік институттардың диалектикалық

бірлігі туралы сөз қозғады. Бұл кезде рулар бірігіп, тайпаларды құрады. Бұған Еуразия жеріндегі сан алуан археологиялық мәдениеттердің (Қазақстанда ботай, беғазы-дәндібай, петров, т.б.) материалдары айқын дәлел бола алады. Кейбір ғалымдар (В.Алексеев, т.б.) рулық қатынастар одан да ерте кезде, палеолит соңында қалыптасқан деп те есептейді. Шындығына келгенде, бірқатар кейінгі палеолиттік қоныстардан ұжымдық баспаналар кездескен. Мұндай ұзын етіп салынған баспаналар ирокездерде де сақталған. Соған қарағанда неке қатынастары осы қауымдық-рулық құрылыста біршама реттелсе керек. Бұл өз кезегінде билік тұрпаттарының күшейгендігін, қоғамдық қатынастардың дамығандығын, қауымның әрбір мүшесінің жауапкершілігі артқандығын көрсетеді.

Ру-тайпалық қатынастардың артуы жоғары билікті иемденген көсемнің де өзіндік жауапкершілігін, оның билігінің нығайуын талап етті. Енді көсем бір руды ғана емес, олардың бірлестіктеріне басшылық жасады. Рулар өмір сүру және тіршілігі баянды болуы үшін көрші тайпаларға қосылып отырды. Палеометалл дәуірінде металл бұйымдарды шаруашылықта пайдалану өндірістік қатынастардың біршама қарқынды дамуын қамтамасыз етті. Металдан тұрмыстық заттармен қатар қару-жарақтар да жасалды. Мысалға айтар болсақ, негізгі территориясы Қазақстан жері болып табылатын қола дәуіріндегі аңд-

ронов мәдени-тарихи қауымдастығының қабірлерінен, қоныстарынан қоладан жасалған найза, жебе ұштары көптеп аршып алынған (Байпақов К.М., т.б. Қазақстан археологиясы. А., 2006). Бұдан палеометалл дәуірінде ру аралық, тайпа аралық қақтығыстардың көп болғандығын көреміз. Ендігі кезекте көсем үшін жаңа қатер күшейе түсті. Бұрынғы уақыттарда көсем үшін басты жау өзінің қол астындағы адамдар болса, ендігі жерде ол сыртқы дұшпандардан қорғануы тиіс болды. Нәтижесінде ең алдымен идеологиялық түсінікке негізделген әдет шыға бастайды. Бұл көсемнің қоғам мүшелері алдындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси реттеу жұмыстарын жүргізуді біршама жеңілдетті. Ежелгі заманнан қазірге дейін баю құралы болып отырған соғыс адамзат тарихының қасіреті болып табылады. Ру-тайпа аралық соғыста жеткен жетістіктер көсемнің мол олжа қарпып қалуына немесе әлдебір бөлігін қауым мүшелеріне таратып беріп, оларды кіріптарлықта ұстауына мүмкіндік берді. Ендігі жерде көсем жеңілген тайпаның мүлкіне, жеріне қожайындық етіп, қоғамдағы жоғары билікке деген орнын нығайта түсті. Бірақ палеометалл дәуіріндегі жоғары билік әлі де болса әлсіз еді. Күнделікті жұмыстарды реттеп отырғанымен, көсемнің күрделі мәселелерді шешуде (соғыс ашу, бітімге келу, т.б.) қоғам мүшелерімен санасуына тура келді. Ол ру ақсақалдарына, қауымның белді мүшелеріне

арқа сүйеп, өзінің дербес саясатын жүргізуге ұмтылды. Жеке меншіктің күшеюін үлкенді-кішілі обалардан тұратын қорымдар материалдары да айқындайды. Бұған қарағанда, көсем қайтыс болғанда күрделі обаларды тұрғызу ісі көсемдердің басқа қауым мүшелерінен даралана бастағандығын айғақтайды.

Ерте темір дәуіріндегі экономикалық даму Еуразияның көптеген тарихи-мәдени аумақтарында байқалды. Бұрынғы археологиялық мәдениеттердің негізінде жаңалары қалыптасды. Дегенмен, заттай мәдениетте ертедегі қалыптар сақталды. Бұл өз кезегінде билеушілердің өзіндік функциясының сақталуын жоққа шығармайды. Қай қоғамда болмасын жоғары билік тұлғаның жеке басының қасиеттеріне де белгілі бір дәрежеде тиесілі болған еді. Аталмыш дәуірдегі билік сипаттамасын зерттеп, оны біршама дамытқан – Л.Морган. Ол «Ежелгі қоғам» деген еңбегінде «әскери демократия» терминін алғаш рет енгізеді де, оны жан-жақты талдап өтеді. Л.Морган еңбегін «О понятии военная демократия» мақаласында зерделеген В.Хмелинский пікірінше былай деп талдауға болады: 1. Әскери демократия – басқару түрпаты. Қолбасшы – әскери көсем, ол руды басқарады, ал патша билігімен бұл сыйыспайды. Қолбасшы билігін ақсақалдар кеңесі мен халық жиналысы шектеп отырады. 2. Әскери демократияның мәні – қоғам өміріндегі қаһармандық пен еріктілікті үйлестіру.

3. Автордың ойынша «әскери демократия» тағылық және өркениеттілік болып бөлінеді. Біріншісіне ацтек, гомерлік грек, т.б., ал соңғысына римдіктер (Сервий Тулий заманы) мен Солон заманындағы гректердің құрылысын жатқызады да, мұндай қоғамдар мұнымен шектелмейтіндігін айтады (СЭ, 1973. №4). Әрине, кейіннен Л.Морган гипотезасы маркстік ілімді қолдаушылар тарапынан бұрмаланып, таптық күрес шеңберіндегі концепцияға сай қолданылды. Онда мемлекет тек қанаушы аппарат ретінде сипатталды.

Әрине, «әскери демократия» Еуразиядағы көптеген халықтарда орнығып тұрғандығы белгілі. Бұған байланысты отандық зерттеушілер де (К.Ақышев, М.Қадырбаев, т.б.) уақытында өз ойларын айтты. Олар жазба дерек көздері мардымсыз болғандықтан көбіне археологиялық мағлұматтарға сүйенді. Сақ, савромат қоғамы заттай мәдениет негізінде зерделеніп, оны басқарған билеушілерден қалған обаларға назар аударылды. Сақ патшалары жерленген көлемді обаларды (кейбірінің диаметрі 100-ден асады) «сақ пирамидалары», «патша обалары», т.б. деп атап, патшаның қоғамдағы орнын айқындады. Отандық мамандардың көпшілігі сақ-савроматтарда әскери демократия мен алғашқы көршілестік қауым ұғымдарының болғандығын қуаттайды. Жерлеу ғұрыптарындағы сән-салтанат сақтарды басқарған аз ғана топтың ерекше артықшылықтары болғандығын нақты көрсетеді.

Зерттеушілер сақ заманы шағын туыс отбасылар тобы (патронимия), көшпелі қауым, тайпа, тайпалар одағы сынды құрылымдарға жіктеледі деп есептейді. Ең төменгі патронимия аталатын ұя әулеттің табиғи бөлшектенуінен қалыптасты. Ол бөлінген әулет басшысы есімімен аталды. Көшпелі қауым бірнеше патронимиядан тұрды. Қоғамдағы маңызды саты тайпа болды. Онда ортақ этникалық және саяси сипаттар, диалект, діни ұғымдар, жоғарғы көсем мен әскери басшы болды. Нәтижесінде тайпалық одақтар қалыптасып, бұл өз кезегінде мемлекеттіліктің алғы шарттарын қалыптастырды. Сайланып қойылатын көсемдердің басшылығымен әскери билік шоғырланды, әскери жасақтар құрылды (*Қазақстан тарихы. 1-том. А., 1996, 226-б.*). Сөйтіп, сақ патшалары жоғары билікті өз қолдарында ұстап тұрды. Олар мемлекеттік маңызды мәселелерді кейде жеке дара шешуі де мүмкін. Себебі, кейбір дерек көздерінде сақ-скиф патшаларының шұғыл түрде шешім қабылдап тұрғандығы келтіріледі.

Сақтардың мирасқоры болған үйсін, қаңлы, т.б. тайпаларда да жоғары билік «патша» қолына шоғырланғандығы байқалады. Егер жазба дерек көздерінің мардымсыздығынан сақтар мемлекеттілігі жайлы сөзді зерттеушілер байқап қолданса, есесіне үйсін (усунь) және қаңлы (кангюй), ғұн мемлекеттілігі туралы кең көлемде жазады. Себебі, көне қытай деректемелеріндегі «усунь-го» сөзінің соңғы буыны

«мемлекет» деген мағына береді. Усуньдердегі жоғарғы билік сонау сақтар заманында қалыптасқан деп топшылауға болады. Себебі, археологиялық мағлұматтар байырғы дүниетаным, заттай мәдениет пен тұрмыс-тіршіліктің аздап өзгерістерге ұшырағанымен, усунь заманында және одан кейінгі уақыттарда бір арнада дамығандығын дәлелдейді. Қытай деректемелерінде үйсіндермен дипломатиялық қатынастардың орнауы, үйсін күнбиіне қытай ханшасының ұзатылуы күнби (гуньмо) билігінің шексіздігін аңғартса керек. Ұлы күнби мен Кіші күнбидің қолында жоғары биліктің болуы, үйсіндерде өзіндік иерархиялық сатының болғандығын аңғартатын сияқты. Себебі, Кіші күнби де кей жағдайларда (Ұлы күнби қайтыс болғанда, т.б.) жоғары билікті иемденіп қоғамдағы қатынастарды реттеп, биліктің мызғымастығын қамтамасыз еткен. Кейбір мағлұматтарда сян-да-лу, цзо-да-лу, ю-да-лу, хоу, т.б. секілді шендер де ұшырасады. Бұл да күнбидің өз билігін шексіз жүргізуі үшін, бұйрықтары мен өкімдері шартарапты қамтуы үшін жасаған шарасы болып табылады. Қалай болғанда да усунь қоғамы этникалық жағынан біркелкі емес еді. Мысалы, Н.Бичурин келтірген қытай деректерінде «үйсіндер арасында се (сақ) және юэчжий тайпаларының аталары ұшырасады» деп көрсетілген (*Ч. III, СПб, 1851, 65-б.*). Мұның өзі күнбиде вассалдық иелік-

тердің де болғандығын айғақтайды.

Қаңлы және ғұн мемлекеттері де құрылысы жағынан үйсіндер мемлекетіне ұқсас болған. Бұл тарихи шығармаларда нақты келтіріледі. Қаңлылар бес иелікке (Фуму, Юегань, т.б.) бөлінген. Соған қарағанда қаңлы билеушісінің орынбасарларынан басқа, бес ұлысты басқарған көмекшілері немесе уәкілдері болғандығы анық. Мұның өзі қаңлы мемлекетінің де күрделі иерархиялық құрылым жұмыс жасағандығын нақты көрсетеді. Сірә, ханның билігі шексіз болса керек. Мұны қытай деректемелері де растайды. Айталық, ол ғұндар билеушісіне қол астындағы әскерінің бір бөлігін беріп, шығыс шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз еткен. Өз іскерінің болуы, сондай-ақ Ұлы жібек жолынан өткен керуендерден алым-салық алу қаңлы билеушісінің қолбасшы және жердің қожайыны болғандығын айғақтайды.

Қорыта келе айтарымыз, көне замандардағы жоғарғы билік қауымның әлеуметтік ұйымдасуымен тікелей байланысты болды. Тарихи дәуірлердің әрқайсысында қоғамның даму деңгейі жоғары биліктің өзгерістерге ұшырап тұруына әсерін тигізді. Өрбір тарихи өңірде құрылған мемлекеттік құрылымдарда жоғары биліктің өзіндік тұрпаттары жұмыс істеп тұрды. Билікті қолға алу, елді басқаруда жеке тұлғаның да қабілеті мен дарыны маңызды рөл атқарды.